



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

САПАР

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ТАЛАПҚА САЙ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірге жұмыс сапарымен келген Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновпен бірге «Қызылорда су торабына» барып, Сырдария өзеніндегі су деңгейін бақылады.

Еске салсақ, өткен жылдың соңына таман, яғни желтоқсан айының 9-11 аралығында күр жүріп, Сырдария өзенінде мұз ұстасу басталды. Бүгінгі күні облыс аумағына секундына 180 текше метр су түсуде, өткен жылдың есепті кезеңінде 551 текше метр су келген.

Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласы маңында мұз толықтай ұстасқан. Шиели ауданының «Жөлек» елді мекені тұсында мұз ұстасуда. Жаңақорған ауданы аумағында өзен беті мұздан таза. Қазір су басу қаупі бар аумақтар жеткілікті күштері мен құралдары бар мекемелерге бекітілген, 364 арнайы техника және 1102 адам дайын. Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор қажетті көлемде жасақталған, оның ішінде 117,9 тонна жанармай (бензин – 48,9 тонна, дизель – 69 тонна), 139 902 дана қап және басқа да материалдар жеткізілді. Тасқын қаупі туындаса, халықты көшіру пункттері дайын. Облыс аумағында 59 эвакуациялық жинақтау және 69 эвакуациялық қабылдау пункті бар. Жергілікті атқарушы органдар және су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырған.

Төтенше жағдайлар министрі Қызылорда облысында қауіпсіздік шаралары барлық талапқа сай үйлестірілгенін атап өтті.



Суретті түсірген Б.Есжанов

Айта кетейік, Сыр өңіріне сапары барысында ведомство басшысы жергілікті өрт сөндіру бөлімдерін аралап, Төтенше жағдайлар министрлігі аумақтық бөлімшелерін материалдық-техникалық жаратқандыру барысымен танысты. «2021-2023 жылдарға арналған ҚР ТЖМ аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерін материалдық-техникалық жаратқандыру туралы» жол картасы аясында облыстық төтенше жағдайлар департаментіне 2021-2023 жылдар аралығында облыс бюджетінен 664,5 млн теңге қаржы бөлінді. Оған 74 материалдық-техникалық құрал-

жабдық, оның ішінде 1 «АЦ-5-40» өрт сөндіру автоцистернасы, 3 жеңіл жедел автомобиль, 4 сегіз орынды үрмелі қайық, 5 тасымалданатын мотопомпа, 15 қозғалмайтын сигнализатор, 4 аспалы қайық моторы, инженерлік жабдық (авариялық-құтқару құралдарының жиынтығы) және өзге де қажетті құралдар алынды. Бұдан бөлек, жергілікті бюджет қаражаты есебінен лизингпен 14 өрт сөндіру автомобилін сатып алуға «Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамымен келісім-шарт жасалды. Соған сәйкес, өрт сөндіру техникасы алдағы сәуір айында жеткізіледі деп күтілуде.

Арал ауданы Қамыстыбас көліндегі Суда құтқару станциясы санитарлық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келмейтін балалар лагерінің ғимаратында орналасқан болатын. Ғимаратта сүнгүірлерді даярлау және тәулік бойы кезекшілік атқару үшін жағдай жасалмаған, арнайы техника мен жабдықтарды сақтауға арналған үй-жай болған жоқ. 2022 жылы жергілікті бюджеттен 54,3 млн теңге бөлініп, құтқарушыларға арналған құрастырмалы-жиналмалы модульді үй сатып алынды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

КОНФЕРЕНЦИЯ

ХАЛҚЫНА ҚАДІРЛІ ҚАЙРАТКЕР ӘЛЕМІ

Кеше Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінде «Бердібек Сапарбаев тұлғасы: дағдарыс-менеджер феномені» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Қуат ШАРАБИДИНОВ, «Сыр бойы»

Конференция аясында алдымен мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевқа арналған «Өнегелі өмір» және «Ерен де берен Бердібек» кітаптарының тұсаукесері болды. Онда Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров сөз сөйледі. Жинақтарда қайраткердің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, шынайы адами болмысы, тарихи суреттер мен канаттас, замандастардың естеліктері топтастырылған.

Конференцияның негізгі жұмысына ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова модераторлық етті. Үкімет басшысының орынбасары атап өткендей, бұл алқалы жиынға Бердібек Машбекұлымен бірге ұзақ жыл қызмет жасаған Президент Әкімшілігінің, Парламенттің, Үкімет мүшелері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері және осы саланың ардагерлері, Кеден комитетіндегі бірге қызмет атқарған азаматтар, бір кезері өзі басқарған Қызылорда, Оңтүстік өңірдегі Түркістан облысы мен Шымкент қаласынан, Абай, Шығыс Қазақстан облыстарынан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарынан келген әріптестері, сондай-ақ, қайраткер тұлғаның қамқорлығын көрген азаматтар қатысты. Сонымен қатар қайраткердің егемен еліміздің қалыптасуына, өнерге, ғылымға жасаған риясыз қызметін құрметтейтін ғалымдар, мәдениет өкілдері мен қайраткерлері және жастар келді.

2-бет



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов 19 қаңтар мен 1 ақпан аралығында Канвондода (Корея Республикасы) өткен IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне Мемлекет басшысының атынан алғыс хаттар табыстады.

Үкімет басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғыс хатын оқып беріп, спортшыларды қол жеткізген нәтижелерімен құттықтады. Премьер-министр бұл Қазақстанның жастар арасындағы қысқы Олимпиада ойындары тарихындағы алғашқы алтын екенін атап өтті. Жалпы медаль саны бойынша Қазақстан әлемнің 78 елі арасында 20-орынды иеленді.

Әуелі шаңғымен тұғырлан секіру бойынша IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының жеңімпазы Илья Мизерных пен оның жаттықтырушысы Қайрат Бибековке алғыс хаттар табыс етілді. Сонымен қатар шайбалы хоккей бойынша қола жүлде олжалаған ел құрамасы мен команданың жаттықтырушысы Рамазан Қайдаровтың да еңбектері аталды.

Ойындар жеңімпазы Илья Мизерных барлық спортшының атынан алғыс білдіріп, дайындық кезінде құраманың жаттықтырушылар қойған міндеттерді барлық күш-жігерін салып орындағанын айтты.

ЖҰМЫРТҚА БАҒАСЫ РЕТТЕЛМЕК

Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті Құс өсірушілер одағы және Қазақстанның жұмыртқа өндірушілер ассоциациясы, сондай-ақ құс фабрикаларының басшыларымен жұмыртқа бағасын белгілеу мәселелерін, бағаны тарифтік емес реттеу шараларын талқылады.

Маусымдық қымбаттау кезеңінде бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында тараптар жыл соңына дейін баға дәлізін белгілей отырып, 1-санаттағы жұмыртқа бағасын тұрақтандыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумның талаптарын талқылауда.

Былтыр 30 қарашада Қазақстан Құс өсірушілер одағы және жұмыртқа өндірушілер ассоциациясымен бағаның өсуіне жол бермеу туралы меморандум жасалған еді. Аталған шара мереке алдында жұмыртқа бағасының негізсіз өсуін тежеуге мүмкіндік берді.

ЕЛІМІЗГЕ КЕЛЕТІН ТУРИСТЕР КӨБЕЙГЕН

Қазақстанға Қытай мен Үндістаннан келетін туристер саны өскен. Бұл туралы Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев айтты.

Министр келтірген мәліметке сәйкес, 2022 жылы шілдеде Қытай азаматтары үшін 14 күндік визасыз режимді енгізудің және 2023 жылғы қарашадан бастап екіжақты визасыз режимнің арқасында аталған елден келушілер саны 18 мыңнан 217 мыңға, яғни 12 есе ұлғайған.

Үндістан бойынша 14 күндік визасыз режим енгізілгеннен кейін ол елден келетін туристер үш есе өскен. Атап айтқанда, 2022 жылы 28 мың адам келсе, 2023 жылы көрсеткіш 78 мыңға өсіпті.

Дайындаған Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

ИГІЛІК

Газға қосылған ауылдар саны артады

Облыста газдандыру қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Осының арқасында шалғайдағы елді мекен тұрғындары да «көгілдір отын» игілігіне қол жеткізді. Былтыр облыс тұрғындарын табиғи газбен қамту үлесі 75 пайызға жетті. Былтыр оның деңгейі 78 пайызға жетеді деген жоспар бар.

Өткен жылдың желтоқсан айында бір күнде бес ауыл қосылды. Атап айтқанда, олардың қатарында Шиели ауданының «Еңбекші», «Жиделіарық», Жаңақорған ауданының «Жайылма», «Шалқия», «Құттықожа» елді мекендері бар. Сондай-ақ мұндай игілікке қараша айында Сырдария ауданы Қалжан ахун ауылының тұрғындары қол жеткізген еді. Осылайша газдандыру деңгейі жылдан-жылға көтеріліп, облыс елімізде алдыңғы орындарға шықты.

Бүгінде өңірде Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр қалалары толықтай газға қосылған. Сондай-ақ олардың қатарында Өйтеке би, Жосалы, Жалағаш, Тереңөзек, Шиели, Жаңақорған секілді аудан орталықтары бар.

Облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметіне сүйенсек, қазірге дейін 230 ауылдың 35-і газдандырылған. Қалалар мен аудан орталықтарынан бөлек, Қызылорда қаласына қарасты

«Қызылжарма», «Талсуат», «Қарауылтөбе», Абай, Досан, Махамбетов пен «Наурыз» елді мекендерінің тұрғындары бүгінде газдың игілігін көріп отыр. Ал Арал ауданындағы «Жақсы-кылыш», Қазалы ауданындағы Ғ.Мұратбаев, Пірімов, «Басықара», Жалаңтөс баһадүр, Қармақшы ауданындағы «Ақай», Сырдария ауданындағы Қалжан ахун, Шиели ауданындағы Жақаев, «Бидайкөл», «Байсын», Қомаманов, Бекежанов, «Ақмая», «Алғабас», «Еңбекші», «Жиделіарық», Тәжібаев, Жаңақорған ауданындағы «Бірлік», «Қыраш», «Шалқия», «Құттықожа», «Кейден», «Жайылма» тұрғындары «көгілдір отын» жағып отыр.

Мұндай ілімді жобалар биыл да жалғасын табады. Республикалық бюджет есебінен 19 жобаға 4,7 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Олардың 14-і – өтпелі жоба. Қуанарлығы, биыл басталатын жаңа бу-газ қондырғысына газ құбырын жүргізу, Жаңақорған АГРС-ін кеңейту, «Шаған», «Шижаға», Қазалы ауданындағы 5 елді мекен жаңа жоба қатарына қосылды.

Биыл «Сексеуіл», Абай, «Төретам», «Ақсу», Шәменов, С.Сейфуллин, А.Тоқмағамбетов, «Алматы», «Бестам», «Ақтоған», «Төменарық» секілді елді мекендерге табиғи газ беріледі. Ал газдандырылған елді мекендер санын 46-ға жеткізу жоспарлануда.

«СБ» ақпарат

«ӘКІМ САҒАТЫНДА» НЕ АЙТЫЛДЫ?

Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязов «Әкім сағаты» бағдарламасында қонақта болды. Хабарды республикалық «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Биқожа мен «Қызылорда қоғамдық теледидарының» төрағасы Шаһизада Әбдікерімов жүргізді. «Әкім сағатында» шаһардың алдағы перспективалық даму жоспарлары мен өзекті мәселелердің шешілу жолдары айтылды.



– Өзім осы қалала туын-өстім. Қызмет жолымды да туған өлкемнен бастадым, сондықтан қаланы бес саусағымдай жақсы білемін деп айта аламын. Десе де, бірқатар нысандарды аралап, тұрғындармен, ардагерлермен, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, депутаттық корпуспен, қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесіп, пікірлестім. Олар тілек-ұсыныстарын жеткізді, әрине, барлығын міндетті түрде ескеремін.

Жалпы ортақ үйімізді қалай гүлдендірейіз, тұрғындарымызға қолайлы орта қалыптастыру үшін қандай жұмыстарды қолға алуымыз қажет. Осы хабарды пайдалана отырып, жоспарларымды бөлек-білек келеді. Алдағы уақытта «Әкім сағаты» хабарын жаңа форматта, тұрақты түрде өткізіп

тұрсақ деген ойымыз бар, – делі шаһар басшысы. Халықпен кері байланыс орнатып, ашықтық принципін ұстанатын әкім қызметке кіріскен күні-ақ әлеуметтік желіде жеке парақшасын ашты. Жерлестеріне үндеу жолдап, қаланың келешегі үшін жасалатын жұмыстар жайын ортаға салды. Қызылордалықтар басшының бұл бастамасын құптады. Соның бір көрінісі – «Әкім сағаты» хабары. Қала әкімі алдағы уақытта ай сайын қордаланған мәселелерді шешу, тұрғындардың талап-тілегі, атқарылып жатқан шаруалар бойынша БАҚ және әлеуметтік желі арқылы есеп беріп отырады.

Хабарда айтылған негізгі мәселелерге тоқталсақ.

3-бет



ХАЛҚЫНА ҚАДІРЛІ ҚАЙРАТКЕР ӘЛЕМІ



– Конференцияның басты мақсаты – Бердібек Машбекұлының тұлғалық, қайраткерлік және іскерлік қырларын аша отырып, оның мемлекет басқару ісіндегі іргелі бастамалары мен озық тәжірибелерін бөлісу, оны жетілдіре пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру, – деді Тамара Қасымқызы.

Конференцияның алғы сөзінде ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қожанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқып берді.

«Бердібек Машбекұлы – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол әр жылдары жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Бірқатар өңірлерге және мемлекеттік органдарға жетекшілік етіп, парасатты, іскер әрі білікті басшы ретінде танылды. Халықтың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың есімін ұлықтау арқылы өскелең ұрпақты отанышылдық рухта тәрбиелейміз. Қайраткер тұлғаның адами қасиеттері, кәсіби біліктілігі мен адал қызметі жас мемлекеттік қызметшілерге әрдайым үлгі-өнеге» делінген хатта.

1-бет

Ұлтына адал қызмет ете жүріп, тұтас елдің шынайы алғысы мен құрметіне бөлену – екінің біріне бұйыра бермейтін бақ. Ондай тұлғалар ұмытылмайды.

– Ол кісінің мәнді де мағыналы ғұмыры, бейнелеп айтқанда, «аттың жалында, түйенің қомында» өтті деуге болады. Еліміздегі ең қиын салаларға жетекшілік жасады. Бес бірдей облысқа әкім болған Қазақстандағы жалғыз тұлға және мәселе күйіп тұрған кезде Бердібек Машбекұлы сол өңірлерге басшылық жасады. Қазір осы 5 облыс дербес 7 облысқа айналды. Ол нағыз кризис-менеджер болды деп айта аламыз. Бердібек Машбекұлы барғаннан кейін сол аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы айтарлықтай оңала бастайтынын бөріңіз білесіздер, – деді Е.Қожанов.

Ерлан Жақанұлы сондай-ақ, Бердібек Сапарбаевтың тұлғалық және адами болмысына қатысты тағы бір естелікті сөз етті.

– Қателеспесем, бірде Бердібек Машбекұлымен бір делегация құрамында Алматыға іссапармен бардық. Сол кезде екеуіміз бір көлікте келе жатық. Бір уақытта Бекен «мына жерге бұрыла кетейік» деп көлікті бұрғызып, бір кішкентай дүңгіршектің қасына барып тоқтадық. Барсақ, дүңгіршектің жанында бір карт пен кемпірі тұр екен.



Бердібек Машбекұлы олармен біраз әңгімелескеннен кейін әрі қарай кетті. Сосын мен туысымен амандасқан болар деп, «бұл туысыңыз ба?» деп сұрадым. Сөйтсек, жаңағы ақсақал Бердібек Машбекұлының қабылдауына сұранып жүр екен. «Мен ол кісі Астанаға барып әуре болмау үшін, ақыры келгеннен кейін жолдан бұрылып, жарты сағат уақытымды бөлімді» деді. Ақсақалды сабылтайын деп әдейі кездескен екен. Сол кезде шыны керек, таңғалдым. Бұл өмірлік тағылым болды, – деп түйіндеді Е.Қожанов.

Қызылорда-Астана-Қызылорда

Мұнан кейін конференцияда ҚР

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ҚОҒАМНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІН КӨРСЕТЕДІ

Біздің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге қатысты деректерді жинау, сақтау және өңдеу, оларды талдау және түсіндіру – статистика саласының негізгі міндеті. Дайын деректер жоспарлау мен басқаруда қолданылады. Газет тілшісінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының облыс бойынша департаментінің басшысы Қайрат Әбсұлтановпен әңгімесінде түрлі статистикалық мәліметтерге шолу жасалды.

құрады. 1000 тұрғынға шаққандағы туу көрсеткіші бойынша біздің облыс Шымкент қаласы, Маңғыстау, Түркістан облыстарынан кейінгі төртінші орында.

– **Өңір халқының өмір сүру ұзақтығы жайлы не айтар едіңіз?**

– 2000 жылдан бері облыста халықтың өмір сүру ұзақтығы көрсеткішінің өсу тенденциясы байқалады. Сонымен бірге гендерлік белгі бойынша бұл көрсеткіштің дифференциациясы сақталды. 2022 жылы күтілетін өмір сүру ұзақтығы 74,21 жас болатын, ерлерде 70,27, ал әйелдерде 78,18 жасты көрсетті.

– **Қызылордалықтар қай елдерге қоныс аударады?**

– Көші-қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерді өңдегенде, 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда облысымызға тұрғылықты тұруға келіп тіркелгендер саны 25421, облыстан кеткендердің саны 32617 адам болды, көші-қонның айырымы 7196 адам.

Алғы-жақын шетелдерден 24 адам, республиканың басқа облыстарынан 7964 адам келген. Облыстан көшкен 15118 адам немесе 46,4%-ы көбінесе республиканың басқа облыстарына қоныс аударды. Шетелдерге 66 адам, көбісі Ресейге, Өзбекстанға, Германияға, Израильге, Канадаға, Түркияға көшіп кеткен.

– **2023 жылдың қорытындысы бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қандай?**

– Алдын ала деректер бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі көрсеткіштерінде оң өсім байқалды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 3,6%, құрылыс жұмыстарының көлемі 40,4%, негізгі капиталға салынған инвестиция 14,2%, пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 8,4%, көлік 7,8%, сауда 4,7%. Сыр өңірі республикада өңдеу өнеркәсібі көлемінің өсу қарқыны бойынша (33,5%) бірінші орында, ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі бойынша (3,7%) екінші орында.

– **Облыста өңдеу өнеркәсібі қалай дамып келеді?**

– Облыстың өнеркәсіп құрылымында өңдеу өнеркәсібі соңғы 10 жылда өсу процесін көрсетті. 2010 жылы 4%, 2023 жылы 30%. Өткен жылмен салыстырғанда металлургия өндірісі 68,2%, өзге де бейметалл минералдық өнімдер 46,6%, резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру 17,9%, машина жасау 14,7% ұлғайды.

– **Облыста құрылыс қарқынды жүріп жатыр, оған қандай жергілікті құрылыс материалдарын пайдалана аламыз?**

– Тұрғын үй құрылысының қарқынды өсуі құрылыс материалдары өндірісі көлемінің артуына әсер етті. Құрылыс индустриясына облысымыздан силикат және күйдірілген кірпіш, кең көлемдегі темірбетон, қиыршық тастар мен ұсақталған тастар, әк тас, т.б құрылыс материалдары шығарылады. 2023 жылдың қаңтар-желтоқсанында 385,7 мың текше метр табиғи құм, 2328,7 мың текше метр қиыршық тас, 76,5 мың тонна саз, 879,4 мың текше метр кірпіш, 189 мың тонна бетоннан жасалған құрылыс конструкциялары, 13850 тонна пластмассадан жасалған құбырлар, 157 тонна пластик есік-терезе, 39 мың тонна әк шығарылды.

– **Қызылорда облысында күрші қанша гектарға егді?**

– Күршінің нақтыланған егіс алқабы 88862,6 гектар. Аудандар арасында күршінің ең көп егістік алқабы Сырдария (23811 гектар) мен Жалағаш ауданына тиесілі (19800 гектар).

– **Ақпараттық технология барлық қызмет салаларына енгізілген қарқынды даму кезеңіміз. Осы орайда статистикада қандай жаңалық бар?**

– Алғашқы деректерді жедел және сапалы жинауды қамтамасыз ету және респонденттерге түсетін жүктемені азайту үшін электронды цифрлық қолданбалы пайдалана отырып, «Онлайн деректерді жинау» ақпараттық жүйесі әзірленді. Респонденттердің көбісі есептілікті онлайн режимде тапсырады. Олардың (үй шаруашылықтары мен кәсіпорындардың) дәстүрлі қағаз түріндегі сауалнамасынан деректерді жинаудың компьютерлік жүйесіне, сондай-ақ мобильді қосымша арқылы бағаны цифрлық тіркеуге көшу

Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов, мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы Қырымбек Көшербаев, Қазақстанның Еңбек Ері Құралай Бәйменова, Қазақстанның Халық артисі Досхан Жолжақсынов, ҚР Президентінің ғылым және инновациялар жөніндегі кеңесшісі Күнсұл Закария және бірқатар белгілі тұлғалар сөз сөйледі.

БИЫЛ 25 АУЫЛ ЖӘНЕ КЕҢТ ӘКІМІ САЙЛАНАДЫ

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау – Президент реформаларының бірі. Қызылорда өңірінде кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауы қарқынды түрде жүргізілуде.

Аймақта кейінгі 3 жылда 117 ауыл әкімі сайланған. Өткен жылы 38 кент және ауыл әкімінің сайлауы өтіп, тұрғындар өздері қалаған кандидатқа дауыс беріп, әкім сайлауларына белсене қатысқан. Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтановтың айтуынша, биыл 25 ауыл әкімінің өкілеттілік мерзімі аяқталады. Демек, сол ауылдарда жаңадан әкімдер сайланады.

– Ауыл әкімдері 4 жыл мерзімге сайланады. Тікелей сайлау тетігі енгізілген уақыттан бері аймақта 117 ауыл және кент әкімінің сайлауын ұйымдастырдық. Сайланған әкімдердің 40 пайыздан астамы партиядан емес, өзін-өзі ұсыну мүмкіндігін пайдаланды. Биыл 25 әкімнің заң аясында өкілеттілік мерзімі аяқталады. Оның ішінде Арал ауданында 3, Қазалы ауданында 5, Қармақшы ауданында 7, Жалағаш ауданында 1, Сырдария ауданында 2, Шиелі ауданында 6, Жанакорған ауданында 1 ауыл әкімінің сайлауы өтеді. Барлық сайлау процестері ашық әрі әділеттілік принципіне сай. Сайлау учаскелері талапқа сай жабдықталып, комиссия мүшелері заң аясында сайлаушылардың құқығын сақтау бағытында жұмыс жүргізуде, – деді Ә.Ерсұлтанов.

Айта кетейік, 31 наурызда шығып қалған мәслихат депутаттарының орнына сайлау өтеді. Өңірде сайлау науқаны Қызылорда қаласында және Арал, Жанакорған аудандарында ұйымдастырылады.

Еске салайық, Қызылорда облысында өткен жылы алғаш рет пилоттық негізде Сырдария және Шиелі аудандарының әкімі сайланды.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы



АЙМАҚТЫҚ КОМИССИЯ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «AMANAT» партиясы «Жер аманаты» жобасы арқылы пайдаланылмай жатқан және заңсыз берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын үйлестіріп келеді. Осы мақсатта партия филиалдары жанынан құрылған комиссия малды жайылыммен қамтамасыз ету, жер қатынастарындағы басқа да мәселелерге мән беруде.

Мәселен, өткен жылы аймақтық комиссия мен жергілікті жауапты органдардың бірлескен жұмыстары нәтижесінде облыс бойынша 200 мың гектар жерді мемлекет меншігіне қайтару жоспарланып, 225,3 мың гектар болып артығымен орындалған.

Апта ішінде партияның облыстық филиалы жанындағы «Жер аманаты» аймақтық комиссиясының отырысы өтіп, алдағы жұмыс жоспары бекітілді.

СЕМИНАРДЫҢ ЕКІНШІ АПТАСЫ

«AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында өңірде оқу семинарының екінші аптасы басталды.

Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жалағаш, Шиелі және Жанакорған аудандарынан тағы 250 азамат қаржылық сауатты арттырды. Облыс бойынша жоба аясында 500 азамат оқытылды.

«MIRAS» КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Биылғы жыл атаулы даталарға, мерейтойларға толы. Атап айтсақ, Әбділұ Тәжібаевтың 115, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100, Сәбира Майқанованың 110, Мәдина Ералиеваның 70 жылдығы.

Партияның облыстық филиалы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» аймақтық кеңесінің мүшелері бас қосып, ел тарихында орны бар көрнекті тұлғаларға құрмет көрсету мәселесін талқылады.

АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

Партия алаңында азаматтарды өтініштері бойынша қабылдау өтті.

Облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі Жорабек Нұрымбетов, фракция мүшесі, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Нұркен Бақытбекұлы, облыстық құрылыс, сауатты және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Әліп Мадия, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қызылорда қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасының бастығы Ләззәт Темірова және партияның облыстық филиалының заңгері Сәбитбек Алшынбеков қоғамдық қабылдау өткізіп, азаматтардың өтініштерін тыңдады.

Қабылдаулар 11 азамат келіп, олардың 3-еуінің мәселесі оң шешімін тапса, 8-не қолданыстағы заңдар аясында құқықтық кеңес берілді.

ЖОБА АЯСЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Партияның Арал аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясындағы «Октябрь» бастаушы партия ұйымы ардагерлермен кездесу кешін өткізіп, концерттік бағдарлама ұсынды.

«Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында Жалағаш аудандық филиалына қарасты «Жанадария» ауылдық округі бастаушы партия ұйымы «Батыр аналар» бейнероликтер байқауын өткізді. Аралдық партияластар «Кітап-AMANAT» жобасы аясында оқырмандар арасында «Кітап сыйла» акциясын ұйымдастырды. Сонымен қатар партиялық бақылау комиссиялары әлеуметтік нысандарға мониторинг, тақырыптық қабылдаулар мен кездесулер өткізді.

Сұхбаттасқан Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА



«ӘКІМ САҒАТЫНДА» НЕ АЙТЫЛДЫ?

ЫСТЫҚ СУ ЖЕТКІЗУДЕ ҚАНДАЙ КЕДЕРГІЛЕР БАР?

Қызылорда – көпқабатты үйлерінде ыстық суы жоқ облыс орталықтарының бірі. Қала тұрғындары су жылытқыштар, жалпақ тілмен айтқанда, «Аристондарды» пайдалануға мәжбүр. Алайда оның да электр қуатына тәуелділігі мен көлемінің шектеулілігі бар. Жылдар бойы созылып келе жатқан түйткілді мәселенің түйіні жақын уақытта шешіледі.

Мемлекет басшысының өңірге жасаған сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы мәселені көтерді. Президент алдағы 2-3 жылда мәселені шешуе қажет мөлшерде қаржы бөлуге Үкіметке тапсырма берді. Енді Үкімет резервінен қаржы бөлінеді. Қазір жоба-сметалық құжаттамасы дайын.

Жалпы қалада 802 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның 184-іне ыстық су жеткізу мүмкіндігі жоқ. Себебі өңірісі, элеваторлары жоқ, ескі, апаттық жағдайдағы үйлер. Қалған 600-ден астам үйдің 195-іне қазірдің өзінде ыстық су жіберуге мүмкіндік бар. Қазір тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Бірақ көпшілігі ыстық судың қажеті жоқ, аристонсыз бар, жөндеп қойған пәтермізді қайта бүлдірсіздер деген уәждерін айтады.

Бұл жобаның бір ерекшелігі, тұрғын үй-

лердің өңірлерінде кемшіліктер болса, барлығы ретке келтіріледі, яғни, қаріз, ауызсу, жылу жүйелері толығымен жаңаланады. Негізгі көпқабатты үйдің пәтерлер – тұрғындардың жеке баспанасы. Заң бойынша бұл жұмыстарды көпқабатты үйдегілер өздері жасауы тиіс. Дегенмен біз тиімді болсын деп барлығын жобаға енгіздік.

Тұрғындар мынаны түсінсе деймін, көпқабатты үйлердің салынғанына да кемі 40 жылдың шамасы болып қалды. Ондағы пәтерішілік электр сымдарының «Аристон» секілді қосымша құрылғыларды көтере алатындай шамасы жоқ. Салдарынан түрлі жағдайлар орын алуа. Сондықтан орталықтандырылған ыстық су берілгенде электр энергиясының жүктемесі, орын алуы ықтимал апатты жағдайлар азаяды.

Сондай-ақ ыстық су жүйесі іске қосылғанда тариф қымбаттамайды. Керісінше, антимонополия заңдылығына сәйкес, тұтынушы көбейген сайын, тариф төмендейді.

АЯҚСУ ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Тағы бір өзекті мәселе – аяқсу. Қалаға су жеткілікті деңгейде берілмей отыр. Бұрынғы арықтар, каналдардың кейбірі қоршалған, кейбірінің құбырлары бітелген немесе көміліп қалған.

Қала көлемінде 17 канал бар. Бұл

жүйені де ретке келтіру керек. Себебі, бірқатар каналдар ешбір есепте жоқ. Олардың барлығын түгендеп, паспорттың жасау қажет. Ескі арық жолдарын ашып, бұған дейін су барған аумақтарға су жетектеп жеткізіледі. Сол жағалау, «Сәулет», «Саяхат», «Бәйтерек» тұрғын аудандары секілді жаңадан пайда болған тұрғын үй массивтерінде де су жеткізу жолдары қарастырылуда.

Дария деңгейі төмендесе де, аяқсумен қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Кей тұста насостарды жылытқышпен, болмаса қуаттылығы жоғары насосқа алмастырумен бұл мәселе де шешіледі. Аталған жұмыстар өз деңгейінде атқарылса, биыл сәуір айында қалаға аяқсу беріле бастайды.

ЖАҢА ЖОБА – «ЖАСЫЛ ҚЫЗЫЛОРДА»

Облыс орталығы үлкен құрылыс алаңына айналды. Көптеген тұрғын үйлер, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар салынып, көшелер кеңеюде. Аймақ басшысының қолдауымен бұл жұмыстар әрі қарай да жалғаса береді. Бұл ретте, қала тұрғындарына жайлы жағдай жасау, өмір сүру деңгейін жақсарту бағытында бірінші кезекте қолдандыру жұмыстарына басымдық беріледі. Ол үшін өткен жылы Түркістан облысының тәжірибесі зерделенді. Нәтижесінде «Жасыл Қызылорда» мемлекеттік мекемесі құрылды. Қазір мекеменің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда.

«Жасыл Қызылорда» мамандары Щучинск қаласындағы Қазақ орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан, Алматыдағы Жазкен Жиенбаев атындағы өсімдік қорғау және карантин институтынан шақыртылған мамандармен тәжірибе алмасуда.

Бұған дейін қаланы қолдандыру, аяқсумен қамту конкурстық негізде жүзеге асырылды. Конкурстық процедуралардың салдарынан көшет мерзімінен кеш отырғызылатын, аяқсу кешігіп берілетін жағдайлар орын алды. Бұдан былай бұл жұмыстардың барлығы ешқандай теңдерсіз, тек «Жасыл Қызылорда» арқылы жүзеге асады. Бір сөзбен айтқанда, жасыл желекті егетін де, күтіп-баптап, оған су беретін де бір мекеме болады.

ҚАЛА СӘУЛЕТІН ҚАҚПАСЫНАН ТАНИДЫ

Сұхбат барысында қаланың кіреберіс қақпалары мен орталық көшелерін абаттандыру, жаңғырту, көпқабатты тұрғын үйлердің сәулеттік келбетін жақсарту да айтылды. Келер жылы Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толады. Айтулы мереке қарсаңында барлық кіреберістер жөндеуден өтіп, жаңғыртылады.

Бұған дейін де қаланың кіреберіс жолдары ретке келтірілді. Бірақ әлі де жетілдіру қажет. Қазір жана әуежай құрылысы жүрде. Жоспар бойынша әуежайдан қалаға кіретін жолды төрт жолақты етіп кеңейту, екі бетін жарықтандыру, велосипед жолын, қажет тұстарына жаю жүргініштер жолын салу қарастырылып отыр. Бұл жұмыстардың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Құрылысы биыл басталады.

Шымкент қаласы бағытынан қалаға кіретін жол жақсы болғанымен, аспалы көпір аймағы, Жаппасбай батыр көшесінің жағдайы маз емес. Бұрынғы күріш зауыты ғимараты тұрған аумақ та әрлеуді қажет етеді.

«Жезқазған-Қызылорда» жолының

салынып жатқаны белгілі. Бұл бағыт алдағы уақытта Астана қаласынан келетін қақпаға айналмақ. Мұнда да үлкен жолдан аспалы көпірге дейінгі аралық төрт жолаққа кеңейтіліп, жарықтандырылады. Бұдан бөлек, ішкі жол деп атап жүрген Тереңөзек бағытынан қалаға кіреберіс жол да жөндеуден өтеді. Қала көркін қашырып тұрған ескі ЦКЗ ғимаратының қаңқасы бұзылады. Салынғанына 60 жылдай болған нысанды жеке кәсіпкер 2004 жылы сатып алған, ал жері мемлекеттің меншігінде. Сол зауыттың қаңқасы біріншіден тұрғындарға қауіпті, екіншіден қаланың келбетіне нұқсан келтіріп тұр. Ол жөнінде бірнеше рет ескерту жасалды, сотқа да арыз берілді, бірақ 20 жылдан бері еш қимылсыз отыр. Қазір меншік несімен келісімге келіп, жоба-сметалық құжаттамасы, өндірістік жұмыс жоспары жасалуда. Жақын уақытта қауіпті ғимарат сүріледі.

Былтыр қаланың бас қақпасы саналатын, 1905 жылы салынған темір-жол вокзалының тарихи келбеті қалпына келтіріліп, жаңғыртудан өтті. Қазір перроны дұрысталуда. Ендігі кезекте вокзал маңы, Е.Әуелбеков көшесі жаңғыртылады. Көше бойында Қазақстан теміржолының үш ғимараты бар. Бұл ғимараттар да қалпына келтіріледі. Сонымен қатар бұрынғы теміржол паркіннің ғимараты, кіреберісі, өзге де ғимараттар, қала орталығындағы Әйтеке би көшесі де ретке келтіріліп, қала тарихи келбетін қайта табады. Ол үшін әуелі қаланың дизайн коды жасалуы тиіс. Сәулетшілер бұл бағытта жұмыс жасауда.

АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЯДЫ

Қала үшін апатты үйлер мәселесі өзекті. Олардың бірқатары плотина құрылысы кезінде Тасбөгет кентінде салынған. Бұрынғы Титов, Гагарин шағын аудандарында да екі қабатты ескі үйлер бар.

Қазір облыс орталығында апатты деп танылып, есепте тұрған 51 үй болса, оларда 530 отбасы тұрып жатыр. Мәселені шешу үшін жалғыз тұрып жатқан үйі апатты деп танылғандарға мемлекет тарапынан тегін үй беру қарастырылған. Сол бағытта жұмыс жасалуда. Биылдың өзінде Тасбөгет кентінде 130 пәтерлік тұрғын үй салынады. Алдағы 3-4 жылда аталған 530 отбасын жаңа баспанамен қамту жоспарланған.

ҚОҚЫС ТА КОДЕКСКЕ СӘЙКЕС ӨНДЕЛЕДІ

Қала тазалығына қатысты мәселелер, қоқыстар мен тұрмыстық қатты қалдықтар, қоқыс полигондарынан шығатын жағымсыз иіс пен бөлінетін улы газ мәселесі әлі күнге өзектілігін жоймай келеді. Алдағы уақытта қаланың сол жағалауында қоқыс салуға арналған контейнерлер алаңын ашу жұмысы қолға алынбақ.

Қызылорда қаласының бұл мәселені шешудегі ұтымды тұсы – қоқысты жинау, тасымалдау, сұрыптау мен полигонға көму сияқты жұмыстардың барлығы бір мекеме – «Қызылорда тазалығы» арқылы жүргізіледі. Жақында ҚР Экология министрінің өңірге сапары кезінде облыс әкімімен меморандум жасалды. Оның аясында министрлікке қарасты «Жасыл даму» мекемесімен бірлесе отырып жобалар жүзеге асырылады. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» жеңілдетілген несие береді. Мүдделі кәсіпкерлер табылып жатса, осы қаржыны алып беруге, «Қызылорда тазалығымен» бірлесе отырып консорциум құруға мүмкіндік жасалады.

Ескі полигонға да рекультивация жасалып, Экологиялық кодекс талабына сай көмілетін болады. Жоба-сметалық құжаттамасы жасалып, қаржы қаралады.

«САБАЛАҚҚА» ГАЗ БАРАДЫ

Тұрғындар тарапынан түсетін шағымдардың бір бөлігі саяжайлар мәселесіне қатысты. Олардың ішінде ең үлкені – «Сабалақ» саяжайы. Ондағы 30-

дан астам саяжай аймақтарында 4-5 мың халық тұрады. Қазір қаланың бір бөлігіне айналған. Бірінші кезекте «Сабалаққа» газ тартылатын болады. Демеушілердің есебінен жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Құжат қазір сараптамаға жолданды. Оң қорытындысы алынғаннан кейін республикалық бюджетке өтінім жолдайтын боламыз. Ол мақұлдабаған жағдайда облыстық бюджеттен қаржы бөлу жолдары қарастырылады. Жобаға 1 млрд теңгеден астам қаржы қажет.

Жалпы қала маңында 80-нен астам саяжай аймақтары бар. «Сабалақтан» басқаларының барлығы су қорғау аймақтарында орналасқан. Сондықтан ол жерлерге үлкен құрылыстар салу, инфрақұрылым тарту, «көгілдір отын» жеткізуге заңмен шектеулер бар.

ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ НАЗАРДА

Қазіргі таңда қала 5 секторға бөлінген. Әр сектордың жауапты өкілі бар. Олар – қала әкімінің орынбасарлары, аппарат жетекшісі мен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолалышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі. Әр сектор бойынша орын алған мәселелер дер кезінде шешіледі.

Қауіпсіздік мәселесі де үнемі назарда. Ұрлық, әсіресе шет аймақтарда көбейген. Сондықтан шет аймақтарға полиция бекеттерін ашу бағытында жұмыс жасалуда. Түрлі себептермен бос тұрған полиция бекеттері ретке келтіріледі. Жақында ғана облыстық мәслихат шешімімен жаңадан 700 бейнебақылау камерасы алынатын болды. Жаңа камералар қылмыс жиі орын алатын аумақтарға орнатылады. Қазір жиілік кеткен алаяқтықпен күресуге де басымдық беріледі.

Қаланы тұрғындарға әлде де қауіпсіз ету бойынша барлық мәселелерді қамти отырып іс-шаралар жоспары әзірленді. Ол үшін арнайы жұмысшы тобы құрылды.

«АҚТАҢДАҚТАР» АЗАЯДЫ

Жалпы қаланы толық «көгілдір отынмен» қамту мүмкін емес. Бұл – үздіксіз процесс. Жаңадан тұрғын үйлер салынып, шағын аудандар, тұрғын аймақтар пайда болуда. Мысалы, бұрын әрбір тұрғын аймаққа жоспар бойынша қажет мөлшерде газ берілген. Газ қысымы, құбырдың диаметрі де соған сәйкес есептелген. Бірақ ол аймақтарға жаңадан үйлер қосылып, техникалық шартын алып, газ тартырып жатыр. Салдарынан кейбір аумақтарда газ қысымы төмендеп, «ақтаңдақтар» пайда болуда.

Бұл мәселені шешу үшін алдын ала есеп керек. Сондықтан жаңадан салынған үйлерге газ тартуға техникалық шарттар беру тоқтатылды. Ендігі кезекте жоба-сметалық құжаттама әзірленеді. Мәселе жүйелі түрде шешіліп, тұрғындарға сапалы газ ұсынуға басымдық беріледі.

«АРАЙДАҒЫ» АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

Қала тұрғындары ауызсу сапасының төмендігіне жиі шағымданады. Мәселе қала басшылығының үнемі назарында. Судың құрамы үнемі тексеріліп отырады. Өткен жылы «Қызылорда су жүйесі» мекемесі мамандармен бірлесе отырып мәселе зерделенді. Қазіргі уақытта, әсіресе, «Арай-2», «Арай-3» шағын ауданында ауызсу сапасына шағым көп. «Арай-3»-те 3 мыңнан астам халық тұрады. Мәселе жақын арада шешілуі тиіс.

Шағын ауданда 13 скважина, 4 резервуар бар. Былтыр сол скважиналардан шыққан суды тұндырып, тазартып, әрі қарай тұтынушыларға таратып отырған сол резервуарлар лайдан тазартылды. Мамандар демалыс күндері тұтыну көлемі артатындықтан, құбырлардағы лай шөгінділер көтерілетіні де айтуға.

Сондықтан мәселені толық зерттеп, нақты себепін анықтау үшін Алматы қаласынан ұңғымаларды зерттейтін мамандар шақыртылуда. Мамандар қорытындысына сәйкес шаралар қабылданады. Сондай-ақ құбырлар мен резервуарларды тазарту жұмыстары жүргізілетін болады.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРЕЛЕДІ

Қоғамдық көлікке қатысты да мәселелер бар. Оны жүйелі түрде шешу үшін аймақ басшысының қолдауымен жаңа автобустар алынууда. Бұрын алынған 96 автобус ескірді. Сол себепті жаңадан тағы 300 автобус алынды. Қазіргі таңда олардың 270-і жеткізілді. Тағы 30 автобус жақын арада келеді.

Бұдан бөлек, қоғамдық көлік жүйесі жетілдіріледі. Жүйені автоматтандыру, қолма-қол төлем көлемін азайту бойынша жұмыстар қолға алынады. Желіге экспресс бағыттар қосылады. Наурызға дейін жаңа автовокзал пайдалануға беріледі.

Дайындаған Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»





ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ 5 ақпан 2024 ж №78 Қызылорда қаласы

«2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 63 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін: 1) кірістер – 575 407 720,5 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 37 911 164,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 2 666 954,0 мың теңге; негізгі капиталдағы сатудан түсетін түсімдер – 10 000,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 534 819 602,5 мың теңге; 2) шығындар – 580 221 569,3 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 7 060 189,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 19 482 848,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 422 659,0 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 443 988,0 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 443 988,0 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 12 318 025,8 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 12 318 025,8 мың теңге; 4-тармақ мынадай мазмұндағы 10), 11) тармақшаларымен толықтырылсын: «10) абаттандыру; 11) халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алу.» мынадай мазмұндағы 10-1 тармақпен толықтырылсын: «10-1. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттерінен облыстық бюджеттен бөлінген, 2023 жылға пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің түсімдері 549 000,5 мың теңге сомасында көзделсін.»; аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы «5» ақпандағы №78 шешіміне қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «13» желтоқсандағы №63 шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған облыстық бюджет

Table with columns: Санаты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories and their amounts, including salaries, social security, and administrative expenses.

Table with columns: Санаты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories and their amounts, including salaries, social security, and administrative expenses.

Table with columns: Санаты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories and their amounts, including salaries, social security, and administrative expenses.



тарихтың рухани қазынасы

Қазіргі кезеңдегі ұлтымыздың төл тарихына деген ынтасының өсуі – заңды құбылыс. Отандық тарих ғылымы еліміздің тәуелсіздігімен бірге көлген терең түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткеруде.

Бүгінде қазақ тарихы Түркі өркениетінің ажырамас бөлігі ретінде зерттеліп, дала тарихындағы көшпелілердің орны айқындала түсуде. Қазақстанның Тәуелсіздігін тарихи тұрғыда баяндауда сирек мұралардың, яғни қолжазбалар мен сирек кітаптардың алатын орны ерекше. Себебі, сирек мұралар – әр халықтың тереңге тартқан тарихын, салт-дәстүрін көрсететін бірден-бір негіз. Сондықтан Отан тарихын тереңірек ұғынуға және зерттеп-зерттелеуде деректік құжаттардың, қолжазбалар мен сирек те құнды кітаптардың маңызы зор екені баршамызға мәлім. Өткен ғасырларда қазылған әрбір қолжазба – халықтың рухани мұрасы. Руханият тарихы халық тарихымен тұтастықта дамиды анық.



Сонымен бірге ол – халқымыздың материалдық мәдениетінің маңызды айғағы. Қолжазбалардың құндылығы хатқа түскен шығарманың мәнділігімен, бағалылығымен шектелмейді, олардан көптеген мәлімет, құнды деректер алуға болады. Халықтың ұлылығын, даналығын, тарихын танытатын оне мұралардың бірі де бірегейі – қолжазба деректері.

Жоғарыда аталған руханияттық қызметті жалғастыруда Қолжазбалар мен сирек кітаптар ұлттық орталығын ерекше атап өтуімізге болады. Еліміздің ерте тарихынан сыр шеретін қолжазбалар мен сирек кітаптар мұрасын жинақтап, ғылыми айналымға енгізуді мақсат еткен орталық 2017 жылы ашылған. Бұл – Қазақстандағы және шетелдердегі еліміздің тарихына қатысы бар құнды жазба деректерді бір орталыққа жинау, сақтау, зерттеу, аудару және ғылыми айналымға қосу арқылы болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында ашылған тұңғыш орталық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев (ол кезде ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы) орталық ашылған жылы арнайы келіп, жинақталған құнды мұралармен танысты. Көңсен келе жатқан рухани мұраларымызды көріп, атқарылған жұмыстарға ризашылығын білдірді. «Болашақта ұлтымыздың асыл мұраларын өз деңгейінде сақтап, келер ұрпаққа жеткізер жолда атқарар еңбектеріңіз орасан» деп орталық жұмысына сәттілік тілеген болатын.

Ұлттық орталықтың қорында тоғыз мыңнан астам сирек мұра сақтаулы. Солардың ішінде, Әс-Сарахидің (Қарахан дәуірінің тұлғасы, XII ғасыр), Қожа Ахмет Ясауидің (сопылық поэзияның негізін салушы, XII ғасыр), Әлішер Науандың (өзбек халқының ұлы ақыны, ойшылы, XV ғасыр), Шахабиддин Маржандың (XIX ғасырдың белгілі татар ғалымы) араб, парсы және шағатай тілдерінде жарық көрген XIX-XX ғасырға тиесілі қайта көшірілген қолжазбалары баршылық.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің қолдауымен Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы еліміздегі архив, кітапхана, музей және жеке қорларда сақтаулы аса құнды қолжазбалар мен сирек кітаптар туралы ақпараттарды бір орталыққа жинастыру жұмыстарын жүргізуде. Бұл жұмыстар сирек қорлардың бірінші мемлекеттік қор есебін құру және сирек жазба мұраларды арнайы тіркеу жүйесін (реестр) кеңінен дамыту мақсатында ұйымдастырылып отыр. Терен тарихы мен кең байтақ жері бар елімізде рухани байлық мол, оның ішіндегі ең маңыздысы – қолжазбалар мен сирек кітаптар.

Қазіргі басты міндет – еліміздің әрбір ірі қаласынан бастап әр шеткі ауданға дейін барлық кітапхана, музей, архив және жеке қорлар мен адамдардан тарихымызға қатысты барлық қолжазбаларды және кітаптарды бір орталыққа жинау. Жеке қорларда және жеке адамдардың қолында бар қолжазбалар мен сирек кітаптардың түпнұсқаларын жинау (сатып алу жүйесін бекіту) жұмысын ұйымдастыру. Бұл іс-шараны үлкендіру үшін Үкімет тарапынан үлкен қолдауды қажет етеді. Арнайы Жол картасы бекітіліп соған сәйкес жұмыстар атқарылуы тиіс.

Бүгінгі күнге дейін анықталмаған және қараусыз жатқан көне деректерде тарихымызға қатысты көптеген ақпарат бар, бұл – біздің өткен, қазіргі және болашағымыздың рухани байлығы мен ақиқаты.

Президент жанындағы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы күллі түркі жұртының тарихи астанасы – Түркістан қаласында өткен еді. Құрылтайда екі күн бойы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылаған қоғам қайраткерлері мен Парламент депутаттары, қоғамдық кеңестер мүшелері мен БАҚ басшылары және сарапшылар ұсыныстарын жеткізді. Нәтижесінде халыққа қажетті ұсыныстар көтеріліп, тың шешімдер қабылданғанына куә болдық.

Құрылтайда Мемлекет басшысы әйгілі Марал шианның Кенесары ханға сыйлаған Құран кітабы табылғаны және оның елге оралғаны жайында мәлім еткен болатын. Кітап XVIII ғасырда жарық көрген. Бет саны – 744, көлемі – 6х23 сантиметр. Кітаптың ортасындағы қолжазба бетке Кенесары хан мен Марал шианның аты-жөні жазылып, мөрі басылған. Ғалымдар Құранның бұл нұсқасы қазақ халқының тарихи жетігері екенін растап, оның тарихи және музейлік құндылығы өте жоғары деп бағалап отыр. Реставрация жасау үшін Құран кітабы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына табысталды. Жұмыстар (тазалау, дезинфекция, дезинсекция, түптеу, сканерлеу) жүргізіліп, 4 дана көшірмесі жасалады. Құнды мұра қалпына келтірілген соң Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қойылды.

Кезінде Тайқазанның елге оралуын жұрт жақсы ырымға балаған еді. Көп ұзамай Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болды. Ұлт азаттығы үшін күрескен Кенесарының қолында болған Құран кітабының елге келуі де жақсы ырым болғай. Бұл Қазақстанның жаңа дәуірінің берекелі бастауы болсын деп тілейік!

Үлгі:Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің қолдауымен Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы еліміздегі архив, кітапхана, музей және жеке қорларда сақтаулы аса құнды қолжазбалар мен сирек кітаптар туралы ақпараттарды бір орталыққа жинастыру жұмыстарын жүргізуде. Бұл жұмыстар сирек қорлардың бірінші мемлекеттік қор есебін құру және сирек жазба мұраларды арнайы тіркеу жүйесін (реестр) кеңінен дамыту мақсатында ұйымдастырылып отыр. Терен тарихы мен кең байтақ жері бар елімізде рухани байлық мол, оның ішіндегі ең маңыздысы – қолжазбалар мен сирек кітаптар.

Қазіргі басты міндет – еліміздің әрбір ірі қаласынан бастап әр шеткі ауданға дейін барлық кітапхана, музей, архив және жеке қорлар мен адамдардан тарихымызға қатысты барлық қолжазбаларды және кітаптарды бір орталыққа жинау. Жеке қорларда және жеке адамдардың қолында бар қолжазбалар мен сирек кітаптардың түпнұсқаларын жинау (сатып алу жүйесін бекіту) жұмысын ұйымдастыру. Бұл іс-шараны үлкендіру үшін Үкімет тарапынан үлкен қолдауды қажет етеді. Арнайы Жол картасы бекітіліп соған сәйкес жұмыстар атқарылуы тиіс.

Бүгінгі күнге дейін анықталмаған және қараусыз жатқан көне деректерде тарихымызға қатысты көптеген ақпарат бар, бұл – біздің өткен, қазіргі және болашағымыздың рухани байлығы мен ақиқаты.

Президент жанындағы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы күллі түркі жұртының тарихи астанасы – Түркістан қаласында өткен еді. Құрылтайда екі күн бойы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылаған қоғам қайраткерлері мен Парламент депутаттары, қоғамдық кеңестер мүшелері мен БАҚ басшылары және сарапшылар ұсыныстарын жеткізді. Нәтижесінде халыққа қажетті ұсыныстар көтеріліп, тың шешімдер қабылданғанына куә болдық.

Құрылтайда Мемлекет басшысы әйгілі Марал шианның Кенесары ханға сыйлаған Құран кітабы табылғаны және оның елге оралғаны жайында мәлім еткен болатын. Кітап XVIII ғасырда жарық көрген. Бет саны – 744, көлемі – 6х23 сантиметр. Кітаптың ортасындағы қолжазба бетке Кенесары хан мен Марал шианның аты-жөні жазылып, мөрі басылған. Ғалымдар Құранның бұл нұсқасы қазақ халқының тарихи жетігері екенін растап, оның тарихи және музейлік құндылығы өте жоғары деп бағалап отыр. Реставрация жасау үшін Құран кітабы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына табысталды. Жұмыстар (тазалау, дезинфекция, дезинсекция, түптеу, сканерлеу) жүргізіліп, 4 дана көшірмесі жасалады. Құнды мұра қалпына келтірілген соң Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қойылды.

2024 жылға арналған облыстық бюджет

Table with 3 columns: ID, Description, and Amount. It lists various budget items for 2024, including salaries, social security, and infrastructure projects, with amounts in KZT.

ПОЭЗИЯ



Жайықтан ұшқан аққу-жыр

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Батыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, «Жайықтың ақ шағаласы» атанған Ақшұтап Бақтыгереева биыл 80 жастың төріне шықты. Ақын мерейтойына орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Өлең деп соққан жүрегі» атты әдеби-музыкалық көш өтті.

Сб Фазила ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

– Сен жайлы ақ бесікте
күй тыңдадым,
Тыңдадым сандуғаштың
сүйкімді әнін.
Мен сенде сұлулыққа ғашық
болып,
Гүліңе саусақ жайып
ұмтылғанмын.
Мен де бір гүлің едім қырада
өскен,
Өзің деп арманым жоқ шырап
өтсем.
Көркіңе көктемдерде
сән қосатын,
Қырына өз қолымнан
бір тал өксем.
О, менің ардақты әкем,
асыл анам,

Кызыңмын пәк үмітпен
асыраған.
Өзің деп қобалжыған
жүрегімнің,
Дүрсілін сенен қалай
жасыра алам?!
Туған жері – Жайық өңірі
туралы осылай ақтарыла жырлаған
ақынның жан толқынысын сезін-
беу мүмкін емес. Жалпы ақын шы-
ғармашылығында адами құндылық,
ана махаббаты, ұлттық мүдде,
отаншыл рух айрықша орын алады.
Кеш қонағы, Халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының мем-
лекеттік стипендияның, «Құрмет»
орденінің иегері Қатира Жәленова
мерейтой иесі, ақын Ақшұтап
Бақтыгерееваның шығармашылы-
ғы, қоғамдағы орны, ұлттық қа-

дір-қасиет, отбасы құндылығын
көтерудегі аналық ақыл-парасаты
туралы ойын айтты. Сондай-ақ
шығармашылық сапарлардағы ес-
те қалған ерекше сәттерін әсерлі
әңгімеледі.

– Қазақ әдебиетіне Фариза Он-
ғарсынова мен Ақшұтап Бақты-
гереева қатар келді. Баспасөз
беттерінде есімдері де қатар ата-
латын. Өздерінен бұрын өлеңдерін
оқып, табиғатын, танымын, міне-
зін көңілге түйдік. Ең алғашқы
«Қызғалдақты көктем» атты топ-
тама жинаққа енген өлеңдеріме
жақсы баға беріп, шығармашы-
лығымды жоғары бағалағаны әлі
есімде. Кейіннен шығармашылық
байланысымыз ұлғайып, аразында
сыйластық орнады, – деді Қ.Жәле-
нова.

Қазақстан Жазушылар одағы
облыстық филиалының басшысы,
Халықаралық «Алаш» әдеби сый-
лығының иегері Қаршыға Есім-
сейітова қазақ әдебиетінде көрнекті
қолтаңбасы бар ақын шығарма-
шылығы туралы айта келіп, сол
сәтте туған жыр шумағын оқып
берді.

– Суыған мына тіріліктің ұшы
жібермей,
Ақ жібек арман ар туын биік
тігердей.

Жайықтан ерке еседі самал
жып-жылы,
Өлеңге сіңген өжеттік пенен
жігердей!

Оқырман қауым осынау жыр
шумағын ақ Жайықтағы ақын
апайымызға ұсынылған бір шөк
гүл деп қабылдады. Сондай-ақ кеш
аясында жас толқын ақын өлең-
дерін жатқа оқыса, оқырмандар
да шығармашылық иесіне арнаған
өлеңдерін оқып, тыңдармандарды
тәтті етті.

Жас ақындар, Б.Ермекебаев
атындағы №271 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұ-
ғалімі Салтанат Әбдіхалықова жө-
не Қармақты ауданынан келген
Гүлжанат Кірекесова өлең арнады.

Кеште кітапхана оқырмандары,
«Ұлағат» мектебінің оқушылары
және «Оркеніет» колледжінің бір
топ студенттері ақын өлеңдерін
жатқа оқыса, әнші Тоқжан Алтын-
бекқызы әсем әнмен әрледі. Сон-
дай-ақ оқырман қауым ақын
шығармашылығына арналған «Жа-
йықтан ұшқан аққу-жыр» атты
кітап көрмесін тамашалады.

Кешті облыстық кітапхана ди-
ректорының орынбасары Айгүл
Жанғабайлова қорытындылап, қа-
тысушыларға алғысын білдірді.

БІЛІМ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ТАҒЫ БІР КОНТЕНТ

Жас буынның тіл тағдырына бейжай қарамайтыны
қуантады. Жақында Назарбаев Зияткерлік
мектебінің 11-сынып оқушылары Алуа Едігеева
мен Азиза Жақыпбек қазақ тілін үйренушілер мен
тереңірек танығысы келгендерге арнап «Naqyl
söz» қосымшасын ойлап тапты. Жоба жетекшісі
– Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік
мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Әділжан
Науан.

Сб Дина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Құрастырушылардың со-
зінше, мобильді қосымша
үш бағытты қамтиды. Олар
– қазақ елінің ұлы тұлғалары-
ның қанатты сөздері, халық
арасында кең қолданыстағы
мақал-мәтелдер және тұрақты
тіркестер. «Қанатты сөздер»
топтамасына нақыл сөздер ен-
гізіліп, авторлары бойынша жік-
телген. Ал «Мақал-мәтелдер»
бағыты тақырыптық топтарға
бөлінген. Мәселен, қолданбада
Отан, табиғат, білім, отбасы
және тағы басқа тақырыптар
бойынша қазақ тіліндегі ма-
қал-мәтелдер жинақталып тұр.

«Тұрақты тіркестер» бөлімін-
дегі сөздер әліппе ретіндегі бо-
йынша орналасып, әр сөздің
түсіндірмесі, екі тілге (орыс,
ағылшын тілі) аудармасы және
аудио жазбасымен қоса ұсы-
нылған.

– Қазақ тілі – ұлттың ру-
хани-мәдени байлығының қай-
нар көзі және ата-бабалардан
ұрпағына мұра боп қалған баға
жетпес қазына. Қазақстанда
тілдің шұбарлану мәселесі
түбегейіне дейін жалғасын та-
бауда. Ұлттың жаны тілінде де-
сек, қоғам арасында ана тіл-
дің мәртебесін көтеру, оның
қолдану аясын кеңейту өзекті.
Жасөспірімдер үшін тұрақты
тіркестер, әдеби құралдар түсі-
ніксіз, тіпті беймәлім күйінде
қалауда. «Naqyl söz» – қолдану-
шыларға тілді меңгеріп қана
қоймай, қазақ халқының мә-
дени ерекшеліктері мен ұлттық
құндылықтарын тереңірек тү-
сінуге мүмкіндік беретін қосымша.
Ол сөздік қорымызға
түрлі тұрақты тіркестерді, көр-
кемдегіш құралдарды, қанат-
ты сөздерді енгізудің тиімді
жолдарын ұсынады. Жобамыз
қазақ тіліне терең лингвисти-
калық талдау жүргізіп, яғни
материалдарды жинауға ғана
емес, сонымен қатар олардың
қолдану аясын, этимологиясын
зерттеп, қолданушыға қазақ ті-
лін тереңірек меңгеруге мүм-
кіндік береді.

Мобильді қосымша толық
жұмыс атқаруға қабілетті, алай-
да қолданбаның дерекқорын
одан әрі кеңейту мақсатында
оны жалпыға ортақ қолданымға
істеу қажет.

Жастардың көп сөздердің
мән-мағынасын ұғына бермеуі
– жобаны қолға алуға түрткі
болған себептің бірі. Сонымен
қатар қазақ тілін үйренуге ар-
налған мобильді қосымшаларды
талдау нәтижесі бойынша әдеби
көркемдік тұрғыдан оқытуға ар-
налған электронды контенттің
жоқтығы да себеп болып отыр,
– дейді Азиза Жақыпбек.

Айта кетейік, қосымшаның
әр бағыты бойынша ұсынылған
мақал-мәтел, тұрақты тіркес,
ұлағатты сөздердің барлығын
аудио нұсқада да тыңдау мүм-
кіндігі бар. Әрі орыс сыныбын
ны оқушылары өздері сынды
күнделікті өмірде бірнеше тілді
қатар қолданатын адамдарға
арнап орыс және ағылшын
тіліндегі аударма нұсқаларын
да ұсынып отыр.

Жастығын жалын шарпыған



Биыл Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен
шығарылғанына 35 жыл толып отыр. Ерлік көрсеткен
азаматтар әркез құрметке лайық. Осыған орай қаладағы
«Тағзым» алаңында Ауған соғысында қаза тапқан
жауынгерлерді еске алу шарасы өтті.

Батырлық пен қайсарлықтың
үлгісін көрсетіп, қаһармандық та-
нытып, өздерінің Отан алдындағы
парызына адал болған сарбаздар
ұмытылмасы хақ.

Шара барысында қала әкімінің
орынбасары Дархан Тұрсынбаев
сөз алып, азаматтық борышын
өтеу жолында қапыда қаза болған
жауынгерлердің жарқын бейнесі
ұрпақ жадында жаңғырып, ерліктің
үлгісі болып қала беретінін атап
өтті.

– 2024 жылдың елеулі оқиға-
ларының бірі – Кеңес әскерлерінің
Ауғанстан жерінен шығарылған-
нына 35 жыл толуы. Он жылға
ұласқан сұрапыл соғысқа «Бірін-
ші міндетім – Отанды қорғау»
деп түсінетін, патриот азаматта-
рымыз аттанған болатын. Сон-

дықтан соғыс кезінде шейіт бол-
ған ағаларымыздың барлығы ел
қаһармандары екені сөзсіз. Жыл
сайын Ауған соғысында қаза
тапқан жауынгерлерді еске алып,
олардың рухының алдында бас
иеміз, – деді ол.

Жиналған жұртшылық батыр-
лар рухына бас иіп, бір минут үн-
сіздікпен еске алды, гүл шоқтарын
қойып, майданда опат болған
сарбаздарға Құран бағыштады.

Өз кезегінде Ауған соғысының
ардагерлерін еске алу және құр-
мет көрсету шарасы «Достық
үйінде» салтанатты марапаттау
жиынына ұласты. Салтанатты ша-
рада қала әкімінің орынбасары
Дархан Тұрсынбаев ардагерлерге
35 жылдық мерекелік төсбелгі та-
быстап, облыс әкімінің Алғыс ха-
тымен марапаттады.

«Ұлттық қауіпсіздік орғандары-
ның ардагерлері» республика-
лық қоғамдық бірлестігінің облыс
бойынша филиалы Кеңес әскер-
лерінің Ауғанстан жерінен шыға-
рылғанына 35 жыл толуына атаулы
күн «От-жалыннан оралғандар»
тақырыбында іс-шара өткізді.

ҚР ҰҚК Қызылорда облысы
және Байқоңыр қаласы бойынша
департаментінің жеке құрамымен
Ауған соғысында батылдық пен
ерлікпен ерен үлгісін көрсеткен
қаһармандар, бүгінде аймақтық
орғанның ардагерлері, запастағы
полковник Марат Аманқұлов, за-
пастағы полковник Құламақдыр
Жұмабеков, марқұм, отставкадағы
полковник Абылай Мырзабайдың
жары Сарақұл Асанова және об-
лыстық «Ауған соғысының ар-
дагерлері мен мүддектерінің
кеңесі» қоғамдық бірлестігінің
төрағасы Әлібек Жаров кездесті.

Кездесуге келген Ауған соғы-
сының ардагерлері естеліктерін
бөлісіп, елдің аманатын аркалап,

өмір мен өлім белдескен уақытта
қазақ жауынгерлері көрсеткен
ерлік туралы әңгімелеп берді.

Басқосуда сөз алған ҚР ҰҚК
Қызылорда облысы және Байқоңыр
қаласы бойынша департаменті
бастығының міндетін атқарушы,
Ұлттық қауіпсіздік полковнигі Ер-
Санд Замшев интернационалист
жауынгерлерге жылы лебізін біл-
діріп, ардагерлерге сый-сияпат
көрсетті. «ҚР ҰҚК органдарының
ардагерлері» РКБ облыс бойынша
филиалының төрағасы, запастағы
полковник Серік Досмағамбетов
қаһармандарды құрметтеп, арда-
герлер кенесінің алғысын білдірді.
Батырлар ерлігі ешқашан ұмытыл-
майтынын айтты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық
әмбебап ғылыми кітапханада
«Жастығын жалын шарпыған»
атты Ауған соғысы ардагерлерімен
кездесу кеші өтті. Іс-шара Кеңес
одағы әскерлерінің Ауғанстаннан
шығарылғанына 35 жыл толуына
орай ұйымдастырылды.

Кездесуге жастық шағын оқ-
пен от арасында өткізіп, елге аман-
сау оралған интернационалист-
жауынгерлер Айбол Сыздықов,
Ерканат Ахметов, Талғат Жеке-
баев, Нұраддин Бекетаев және ҚР
Ұлттық ұлан №5547 әскери бо-
лімінің сарбаздары қатысты.

Ауған соғысы ардагерлеріне
құрмет көрсету, жат жерде көз
жұмған жерлес азаматтарды еске
алу және жастарға патриоттық
тәрбие беруді мақсат еткен жиында
ардагерлер қиындығы мен қасіреті
мол Ауған соғысы кезіндегі жа-
уынгерлік тапсырмаларды қалай
орындағаны туралы айтты. Өткен
күндерді еске алып, тағылымды
әңгімелерін бөлісті.

Кеш барысында «Ерлік даңқы
мәңгілік» тақырыбындағы кітап
көрмесіне шолу жасалды.

Дильназ ТЕМІРҒАЛИ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
4-курс студенті

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-
рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.